

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Әлиева Назерке Артыққызы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ РЕЗЕРВІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ РӨЛІ**

«Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы
«7М041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша

Өңірлік даму магистрі ғылыми дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ PhD А.Ж.Кусаинова

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 20__ ж.

Институт/МСҰМ директоры _____ э.ғ.к. Р.А.Турчкенова

Нұр-Сұлтан, 2021 ж.

Магистрлік жобаның мазмұны

Нормативтік сілтемелер	3
Белгілер мен қысқартулар	4
Кіріспе	5
Әдебиеттерге шолу	8
Зерттеу әдістері	14
Зерттеу нәтижелері және талдау	15
Қорытынды	36
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	38
Аналитикалық жазбахат	40

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды:

Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлығы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
БЖСМ	- Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
1 ФК	- Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЖОО	- Жоғары оқу орны
ОАОО	- Орта арнаулы оқу орындары
ОРМБЖМ	-Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі
МЖӘ	-Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
ҮЕҰ	-Үкіметтік емес ұйымдар
КММ	- Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

КІРІСПЕ

Өзектілігі. Қазақстандық спортшылардың әлемдік спорт аренасындағы жетістіктері, қазақстандық спорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену құралдарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығында бекітілген тұжырымдамаларын жүзеге асыру және негізгі көрсеткіш бойынша бұқаралық спортпен шұғылданушылардың санын республика көлемінде 2025 жылға дейін 35 пайызға жеткізуді тапсырған болатын [1].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында 6-реформа: Қоғамдық сананы жаңғырту болып табылады. Реформаның маңызды міндеттерінің бірі – «Салауатты өмір салтын танымал ету» міндеті. Міндеттің аясында салауатты өмір салтын ұстанатын, таза және экологиялық тағамдармен дұрыс тамақтанып, спортпен айналысатын адамдардың санын көбейтуге ерекше назар аударылатын болады. Салауатты ұлтты қалыптастыру үшін жағдай жасау адамдардың өмір сүру ұзақтығын арттырады, денсаулық сақтау шығыстарын азайтады, өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейін және еңбек өнімділігін арттырады [2]. Сонымен қатар реформада спорт саласына қатысты келесі бастамалар көрсетілген:

-«Бұқаралық спортпен айналысуды насихаттау» бастамасы. Ең алдымен дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің қолжетімділігін арттыру және мәдени-бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу есебінен спортпен айналысуға халықты жаппай тартуды қамтамасыз ету, спорттық объектілер халықтың тығыздығын, көлікке қолжетімділігін және спорттың дамып отырған түрлерін ескере отырып орналастыруға назар аударылған. Дене шынықтыру дайындығының балалар-жасөспірімдер клубтарының желісін құру және жалпы білім беретін мектептердің жанында Отбасылық спорт күнін өткізу бойынша жұмыстар, халықты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеудің жалпы ұлттық жүйесін қалыптастыру, оның шеңберінде азаматтардың жеке ерекшеліктеріне байланысты таңғы және өндірістік гимнастиканы қоса алғанда, қозғалу белсенділігінің көлемі бойынша ұсынымдар әзірлеу және енгізу жүзеге асырылатын болады [2].

-«Цифрлық платформалар негізінде салауатты өмір салтын насихаттау» бастамасы. Жиі кездесетін және қауіпті аурулар, олардың алдын алу жолдары, салауатты өмір салтын ұстану қағидаттары, спортпен шұғылдану мүмкіндіктері туралы ақпарат, оның ішінде осы саладағы жүргізіліп жатқан акциялар мен бастамалар туралы мәліметтер әлеуметтік желілерде және мобильді қосымшаларда насихатталады [2].

-«Спорт саласындағы білім беру бағдарламаларын дамыту» бастамасы. Спорттық менеджмент, спорт жаттықтырушысы, спорттық медицина, спорттық психология сияқты мамандандыру бойынша оқу орындарында бейінді спорттық білім беру бағдарламаларын құру және жақсарту мүмкіндігі қаралатын болады.

Негізгі мақсат әуесқойлық және кәсіби спорт саласында мамандарды даярлау сапасын арттыру болып табылады.

Бүгінгі күні ұлт денсаулығын нығайту мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді. Халықтың саулығын қамтамасыз ету және барлық әлеуетін ашу үшін қаржыландырудың, ғылыми-әдістемелік, кадрлық және медициналық қамтамасыз етудің тиісті деңгейімен қатар, бұқаралық спортты дамыту жөніндегі жүйені нақты құру қажет.

Осыған орай, бұқаралық спортты халықтың барлық жас топтары арасында дамыту маңызды.

Қазіргі уақытта бұқаралық спорт әлемдік спорттық-дене шынықтыру қозғалысындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортының оңтайлы теңгерімі Қазақстан спортының позитивті ерекшелігіне айналды. Жоғары жетістіктер спортының бәсекеге қабілеттілігі, әлемдік аренадағы табыстар – бұқаралық спорт үшін таптырмас өнеге [7].

Жобаның мақсаты. Аталған зерттеуді жүргізудің мақсаты - Қазақстан Республикасының спорт резервін қалыптастырудағы бұқаралық спорттың рөлін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды:

1. спорт резервінің және бұқаралық спорттың теориялық аспектілерін әдебиеттік шолу арқылы зерттеу;
2. дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша заңдармен, нормативтік-құқықтық актілермен танысу;
3. шетел тәжірибесіне талдау жасау;
4. бұқаралық спортты, оның ішінде үстел теннисін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді зерттеп, салыстырып, Қазақстан Республикасындағы спорттың дамуына әсер ететін факторларды қарастыра келе, келесідей зерттеу әдістері қолданылды:

- әдебиеттік шолу;
- сұхбаттасу;
- мазмұнды талдау;
- статистикалық мәліметтерді талдау;
- сауалнама.

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жолдары.

Зерттеу пәні: Спорт резервін қалыптастыру барысында бұқаралық спорттың даму жолдарын жетілдіру.

Гипотеза немесе күтілетін нәтиже – дүние жүзінде дене шынықтыру және спорт өмір сүру келбетіне айналғандықтан, бұқаралық спортты халықтың барлық жас топтары арасында дамыту әрі насихаттау өте маңызды болып отыр. Ол өз кезегінде бұқаралық спортқа қызығушылықтың артып және спортпен жүйелі түрде айналысушылар қатарын көбейтуге ықпалын тигізеді.

Жарияланым – магистрлік жоба тақырыбы аясында «Экономиканы және қаржыны реттеу механизмдері: жағдайы, мәселелері және болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында жалпы 6 баспа бет көлемінде 1 ғылыми мақала жарияланды.

ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Жалпы зерттеу барысында барлық дереккөздерде спорттың маңыздылығы және қоғамға тигізер оң әсері айтылған.

XX ғасырдың аяғы - XXI ғасырдың басындағы өркениеттегі дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік рөлі, орны және маңызы туралы қазіргі заманғы теориялар шетелдік авторлардың (Т.Веблен, Дж.Дьюи, А.Тойнби, Й.Хейзинга, М.Шелер, О.Шпенглер, Ж.Эллюль, У.Морган) еңбектерінде көрініс тапты. Көптеген ғалымдар әртүрлі әлеуметтік-философиялық мектептер мен бағыттарды ұсынып, бірқатар тұстарда дене шынықтыру мен спорт арқылы адамның жаны мен тәні бірге кемелдікке жетіп, адамның бойындағы физикалық және рухани ұстанымдардың бірлігіне ұмтылатындығын айтқан.

«Спорт» ұғымының теориялық аспектілеріне тоқталсақ, атақты спорт теоретигі Н.И.Пономарев оны дене тәрбиесінің ойын сипатына ие білім берудің әлеуметтік институты деп санайды [3]. Спорттың бәсекелік сипатын көрсететін анықтаманы В.М.Выдрин: «Бәсекелестік ортадағы адамның қозғалтқыш қабілеттерін ашуға бағытталған ойын әрекеті» деп пайымдады [4].

Спорт (ағылшын тілінде «ойын») – шынықтыру жаттығуларын қолдануға негізделген, әлеуметтік мәні бар тәрбиелік, ойындық, жарыстық әрекет. Яғни спорт дегеніміз өзіндік - жарыстық әрекет, оған арнайы дайындық, сонымен бірге осы әрекеттер негізінде қалыптасатын адамдар арасындағы ерекше қатынастар, мінез-құлық нормалары қажет. Спорт ұйымдастыру нысанына қарай: жоғары жетістіктер спорты, көпшілік спорт және қосымша спорт деп жіктеледі. Жоғары жетістіктер спорты – жоғары көрсеткіштерге бағытталған жеңімпаздар, рекордсмендер спорты. Көпшілік спорт – барлық адамдар қатыса алатын, қатысушылар санына шек қойылмайтын спорт түрі. Мысалы, көп адамдар қатысатын кросс, шаңғы жарыстары т.б. Көпшілік спорты қимыл-қозғалыс белсенділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді [5].

Л.П.Матвеев «спорт» тұжырымдамасын спортпен байланысты құбылыстардың бүкіл кешенін белгілеу үшін пайдалануды ұсынады: нақты бәсекелестік қызмет, оған арнайы дайындық, сондай-ақ адамгершілік қатынастар мен олардың негізінде қалыптасқан мінез-құлық нормалары деп қарастырды [20].

Дене шынықтыру және спорттық тәрбие жүйесі дегеніміз - дене шынықтыру және спорт саласындағы белгілі бір саяси, биологиялық және әлеуметтік идеяларды жүзеге асыру мақсатында құрылымдық тұрғыдан бірыңғай принциптерге сәйкес ұйымдастырылған идеялар, әдістер мен әдістер жиынтығы. «Дене шынықтыру» ұғымы адамның физикалық жетілуіне қажетті әлеуметтік мақсаттардың, міндеттердің, формалардың, әрекеттердің, жетістіктер мен факторлардың жиынтығын білдіреді.

«Бұқаралық спорт» ұғымының өзі - бұл дене шынықтыру және өзін-өзі тәрбиелеу процестері, жалпы дене дамуы, дене бітімін, денсаулықты жақсарту,

қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын жетілдіру, жаттығу кезінде өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бақылау процесі кезіндегі адамдардың белсенділігі [15].

Бұқаралық спорт – халық арасында дене шынықтыруды дамытуға ықпал ететін спорт қозғалысы. Жоғары жетістіктер спорты – спортшылардың спорттық жарыстарда барынша жоғары спорттық нәтижелерге немесе жеңістерге қол жеткізуін көздейтін спорт саласы [6].

Бұқаралық спортқа немесе барлығына арналған спортқа мәдениет пен өмір салтының призмасы ретінде қарау керек. Қазіргі әлемде құндылықтар өзгерді, соған сәйкес мәдениет өзгерді, бұл жаңа тенденциялардың пайда болуына әкеледі. Дамыған елдерде қазіргі кезде бұқаралық спорт мәдениетке тенденция ретінде еніп, спортты өмір салтына айналдыруға мүмкіндік берді [13].

Қазіргі кезде дене шынықтыру және спорт саласы әсіресе бұқаралық спорт саласы қоғамды біріктіру, жастарды зиянды әдеттерге тәуелділіктен алшақтату, аурулардың алдын алу, орташа өмір сүру ұзақтығы және оның сапалық деңгейін көтеру сияқты көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешу жолы ретінде қабылданды. Сондықтан әлеуметтік маңызы бар спорттық қызметтер ешқандай даусыз халықаралық реттеу мен ынтымақтастықтың объектілері болып табылады.

Бұқаралық спорт саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға 1978 жылы қабылданған дене шынықтыру және спорттың Халықаралық хартиясы, одан кейін 1992 жылы толықтырулар енгізілген Еуропалық Спорттық хартия жатады. Бұл құжаттар бұқаралық спорттың дамуын реттеудің негізгі қағидаларын белгілейді, оны келісімдерін ратификациялаған барлық елдер ұстануы керек. Негізгі қағидалары: біріншіден, қандай да бір себептер бойынша кемсітусіз бұқаралық спорттың болуы, екіншіден, спорттық ғимараттар желісінің дамуын және физикалық белсенділіктің қолжетімділігін мемлекеттік реттеу [11].

Ал елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының негізгі мақсаты бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын қарқынды дамытудың біріктіруші көзі және басты қозғаушы күші ретінде ұлттың спорттағы әлеуетін жұмылдыруға бағытталған дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді моделін қалыптастыру болып табылады. Алға қойылған мақсаттың ауқымы мынадай негізгі міндеттерді шешуді болжайды:

1) ведомствоаралық тәсіл негізінде халықты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеудің жалпыұлттық жүйесін қалыптастыру;

2) жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, азаматтарды елдің спорттық өміріне белсенді тарту;

3) отандық спорттың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өңірлік спорт қоғамдастықтарын қолдау, жалпыұлттық спорт брендтерін қалыптастыру;

4) бұқара халық арасында спорт пен саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында ақпараттық жұмыс ауқымын кеңейту;

5) спорт инфрақұрылымы мен спорт түрлері бойынша клубтар желісін дамыту арқылы қолжетімді спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтер нарығын кеңейту;

6) Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына қайта бағдарлану мақсатында ұлттық спорт түрлерін жаңғырту және дамыту арқылы жалпыұлттық патриотизм идеясын іске асыру [1].

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған № 228-V ҚРЗ Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды [6].

Қазіргі заманғы спорт дегеніміз - бұл іс-шаралардың экономикалық (коммерциялық) тиімділігі мен жоғары көңіл көтеруін қамтамасыз ететін қызмет. Бастапқыда спорттың мақсаты адамның денсаулығын жақсарту болса, қазір жалпы физикалық дамумен қатар жоғары бәсекеге қабілетті нәтижелерге қол жеткізу болып табылады.

Спорт кез-келген сала секілді заңды көрініс пен заңнамалық реттеуді қажет етеді. Спорт және дене шынықтыру менеджменті жүйесінде мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуі ерекше маңызды болып табылады, бұл өз кезегінде тиісті нормативтік-құқықтық базаның болуын талап етеді.

Спорттық қозғалыстың дамуы осы саладағы қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып табылатын заңның негізгі рөлінсіз мүмкін емес, ол бұл қатынастарды қалыптастырады және жетілдіреді.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді [6]. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында спорттық және дене шынықтырумен қамтамасыз етуді реттейтін тоғыз нормативтік құқықтық актілер бар:

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі.
2. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
3. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «2018-2019 жылдарға арналған басым спорт түрлерінің республикалық тізімін бекіту туралы» бұйрығы.
6. «Қазақстан Республикасында спортты саралау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы.
7. «Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Дене шынықтыру және спорттағы сабақтардағы қауіпсіздік ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

9. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының «Халықаралық спорт жарыстарында спорт жарақаттары мен жарақаттарын алған кезде спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелеріне (спорт бойынша ұлттық құрама командаларға) өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат төмендегі қағидаларға сүйенеді:

- барлық адамдар үшін дене шынықтыру мен спорттың теңдігі мен қолжетімділігі;
- халықтың әр түрлі жастағы топтарының дене тәрбиесінің сабақтастығы;
- дене шынықтыру мен спорттың еріктілігі;
- дене шынықтыру және спорттық іс-шаралардың сауықтыру бағыты;
- дене шынықтыру, әуесқой және кәсіби спортқа тең құрмет;
- кемсітушілікке тыйым салу және қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа және адамның қадір-қасиетін қорлауға жол бермеу;
- халықаралық спорт жарыстарында Қазақстан Республикасының намысын қорғайтын ең жоғары спорт түрінің басымдығы;
- бейімделетін дене тәрбиесі мен спорттың дамуына ықпал ету.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, спортты және дене шынықтыруды әлеуметтік басқарудың салалық объектісі - бұл халықты сауықтыруды жүзеге асыратын және жүйелі құқықтық қолдауды қажет ететін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер, қоғамдық бірлестіктер және коммерциялық ұйымдар.


Дене шынықтыру және спорт ұйымдарын басқарудың арнайы теориясы мен практикасы, сонымен қатар жалпы саланың тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған басқарудың нақты принциптері, әдістері, формалары мен әдістерінің жүйесі спорттық менеджментке жатады.

Елімізде бұқаралық спортты басқару жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2016 жылғы 11 қаңтардағы «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары;
- Мәдениет және спорт министрінің «Спорттық іс-шараларды өткізу ережесін бекіту туралы» 2014 жылғы 4 қарашадағы бұйрығы;
- «Бұқаралық спорттық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі бұйрығы.

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты басқару жүйесін бүгінгі күні әр түрлі деңгейдегі субъектілер ұсынады(1-сур) [16].:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің деңгейі; Қазақстан Республикасының Президенті;
- мемлекеттік құрылым субъектілерінің деңгейі, яғни министрліктер, ведомстволар және мемлекеттік арнайы құзыреттілік субъектілері (дене шынықтыру және спорт саласында);
- әлеуметтік құрылым субъектілерінің деңгейі.



1-сур. – Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты басқару жүйесі

Ескерту: әдебиет негізінде құрылған [16]

Қазақстан Республикасында бүгінде дене шынықтыру және спорт жүйесі жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жеткілікті тиімді құқықтық база құрылды. Соған қарамастан, спортта, қоғамдық қатынастардың басқа салаларында сияқты, нормативтік-құқықтық актілердің сапасын және жалпы мемлекеттік және коммерциялық (жеке) сектордағы нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу деңгейін анықтайтын құқықтық теория мен практика деңгейін үнемі көтеріп отыру керек.

Жалпы дене шынықтыру мен спорт туралы теорияларға әдебиеттік шолу, заңдарды және нормативтік-құқықтық актілерді қарастыру нәтижесінде, спорт саласы денені сауықтырып, шынықтырумен қатар қоғамды біріктіретін, сонымен қатар көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешу жолы екендігін көрсетті. Осы ретте бұқаралық спорт арқылы спорт резервін қалыптастыру жолдарын анықтау үшін шетелдік тәжірибелерді зерттеу қажеттілігі туады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді зерттеп, Қазақстан Республикасындағы спорттың дамуына әсер ететін факторларды қарастыра келе, келесідей зерттеу әдістері қолданылды:

- әдебиеттік шолу;
- сұхбаттасу;
- мазмұнды талдау;
- статистикалық мәліметтерді талдау;
- сауалнама.

Эмпирикалық зерттеу әдісінде, біріншіден – әртүрлі ақпарат көздерін зерттеу, яғни дайындық кезеңі болды. Теориялық зерттеу бөлімінде әдебиеттерді, ғылыми мақалаларды оқу арқылы дене шынықтыру және спорт түсінігі, теориялары бойынша ақпарат жинақталды.

Сандық зерттеу сауалнама әдісі арқылы жүргізілді. Зерттеуде сауалнама 2020 жылдың мамыр айында <https://my.surveio.com/> интернет-порталы арқылы жүргізілді. Сауалнама нәтижесі зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімінде сипатталды.

Сапалық зерттеу терең сұхбат әдісі арқылы жүргізілді. Ең алғашқы сұхбатты берген кісі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті жиынтық-талдау басқармасының басшысы Моллақанағатұлы Хабибулла мырза.

Келесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның директоры, жеңіл салмақтағы қазақстандық дзюдошы, Афиныдағы жазғы Олимпиада ойындарының қатысушысы, Азия чемпионы, Душанбедегі Орталық Азия ойындарының чемпионы, республикалық және халықаралық маңызы бар көптеген турнирлердің жеңімпазы – Мұратбек Сұлтанбекұлы Қыпшақбаевтан сұхбат алынды.

Үшінші сұхбат Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің басшысы Мұстафин Мұрат Ибраевичтен алынды.

2020 жылдың 2-13 наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінде өндірістік практика барысында статистикалық мәліметтерді талдап, дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша заңдармен, нормативтік-құқықтық актілермен, жиынтық статистикалық мәліметтермен таныстым.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Дене шынықтыру және спорт саласының дамуының шетелдік тәжірибесі

Соңғы онжылдықта **Қытай** үкіметі олимпиадалық спорт түрлеріне, жоғары жетістіктер спорт түрлеріне ғана емес, бұқаралық секторға да ерекше назар аударуда. Бүгінгі күні кәсіпорындарда, сондай-ақ университеттерде, колледждерде, мектептерде гимнастикамен айналысу, сонымен қатар саябақтар аумағында, ашық аспан астында ұлттық ойын-сауық спорт түрлерімен айналысатын ересек жастағы көптеген адамдарды да көруге болады [8].

Қытай елі ерте кезде де және бүгінгі күні де балалар мен жасөспірімдер контингентіне ерекше назар аударып отыр. Қытайлықтар кеңестік және шығыс германдық спортты басқару құралдарын мұқият талдай отырып, өз халқының дәстүріне, тарихи менталитетіне, географиялық және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, қажетсіз жерлерді алып тастап, содан кейін өз еліне бейімдеді. Мысалы Пекинде орналасқан атақты Шичихай спорт мектеп-интернаты үстел теннисі, ауыр атлетика, көркем гимнастика, таэквондо, бокс, волейбол, баскетбол және басқа да көптеген спорт түрлеріне балаларды жаттықтырады. Алты жасынан бастап мектеп-интернат болашақ олимпиадалық ұлттық құрамалардың резервін дайындайды. Жаттықтырушылар әзірлеген тең шарттар негізінде жыл сайын үлкен қалалардан, қала маңындағы аудандар мен округтерден балалар мұқият іріктеліп, аталған мектеп-интернатқа жылына 1000 дарынды қытай баласы және 300 шетелдік қабылданады. Осы мекемедегі білім беру және спорт базаларында балаларға бір уақытта оқу үшін және күніне үш мезгіл жаттығу жасау үшін барлық жағдайлар жасалған және толығымен мемлекет есебінен қаржыландырылады. Сонымен қатар Қытай білім министрлігі шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу мақсатындағы бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады, соның арқасында «Шичихай» спорт мектеп-интернаты әлем елдерінің спорт тұрғысынан көптеген озық мемлекеттерінде танымал [8].

Балалар мен жасөспірімдерге арналған бұқаралық спортқа келетін болсақ, қытайлық «олимпиадалық білім беру жүйесі» назар аударуға тұрарлық, себебі бір жастан бастап балаларда салауатты өмір салтына және жалпы білім беру қажеттілігін қалыптастыра бастайды. Барлық мектептерде екі сабақ сайын міндетті дене шынықтыру сабағы өткізіледі [9].

Финдердің көпшілігі белсенді өмір салтын ұстанады, өйткені бұл олардың әл-ауқатына ықпал етеді, сондықтан Финляндияны дене шынықтыру және спортсыз елестету қиын. Еуропалық комиссияның зерттеуі бойынша (2010 ж.) Финляндия халқының физикалық белсенділік деңгейі бойынша Еуропада жетекші орынға ие және әлемдегі ең белсенді елдердің бірі ретінде саналады.

Спорт - балалар үшін ең басты ойын-сауық болып табылады: 18 жасқа дейінгі балалардың 90%-дан астамы физикалық белсенді өмір салтын ұстанады. Спорттық іс-шараларды спорттық клубтар ұйымдастырады немесе балалар мен

жасөспірімдер достарымен жай спорттық ойындар ойнайды. Ең сүйікті спорт түрлерінің қатарына футбол, гимнастиканың әр түрлі түрлері, шайбалы хоккей және флорбол (хоккей түрі) жатады.

Ересектер арасында 90% аптасына кем дегенде екі рет, 50% -дан астамы аптасына кемінде төрт рет жаттығулар жасайды. Ересектер жұмыс кестесіне қосуға ыңғайлы және күннің әр уақытында айналысуға болатын спорт түрлерін жақсы көреді, мысалы жүгіру, жаттығу залында дене жаттығуларымен айналысу [10].

Ұлыбританиядағы спорт саясатына жауапты негізгі мемлекеттік орган - Мәдениет, бұқаралық ақпарат және спорт министрлігі. Ұлыбританиядағы дене шынықтыру мен спортты дамыту тәжірибесін қарастыра келе, британдық спортшылардың әлемдік жетістігі бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортына мемлекеттік қолдауды ірі жеке инвестициялармен үйлестірілген жүйеге негізделгенін атап өткен жөн.

Германиядағы мемлекеттік спорт саясатының басты мақсаты - бұқаралық спорт пен спорттық бос уақытты, соның ішінде белсенді демалу мен демалысты дамыту арқылы спорт пен дене шынықтыруға мүмкіндігінше халықтың санын көбірек тарту.

Бұқаралық спортты дамыту үшін тұрғындарды ынталандыруға көп көңіл бөлінеді, мадақтауға баса назар аударылады, бұл бірінші кезекте әр түрлі ерекшеліктерді тағайындау және спортпен айналысатын азаматтардың жетістіктерін жариялау.

Германияда бұқаралық спортты танымал етудің маңызды құралы - бұқаралық ақпарат құралдары. Конкурстардың теледидарлық хабарлары, спорттық теледидарлық бағдарламалар бұқаралық спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ұстануға жастар арасында үгіт-насихат ретінде айқын әсер етеді [14].

Халықаралық тәжірибені талдай келе, бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытудың заманауи тенденциялары ұлттық саясаттың басым бағыты бола отырып, халықтың әртүрлі топтарын дене шынықтырумен және спортпен айналысу міндеттері шетелде айтарлықтай ауқымды түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, шет елдердің бұқаралық спортты дамыту тәжірибесі спорттық бағыттағы мемлекеттік биліктің тігінен (*үкімет, аймақтық билік, муниципалдық басқару органдары*) жоғарыға қарай басқару тиімділігін көрсетеді. Дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шаралар барлық деңгейлердегі тиісті жұмыстардың негізгі бағыттарын айқындайтын негізгі кешенді құжатқа яғни спорт туралы заңға негізделген. Бұл тәсіл мемлекеттік саясатты орта және ұзақ мерзімді жоспарлауға, сондай-ақ қойылған міндеттердің орындалуына тиісті бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [14].

Бұқаралық спортты дамытудағы шетелдік тәжірибе көрсеткендей, басқарушылық функцияларды бөлудің аумақтық принципі мемлекеттік және аумақтық басқару органдарының құзыреті мен жауапкершілігін нақты бөлуге

мүмкіндік береді. Сонымен, егер мемлекеттік деңгейде менеджменттің негізгі функциялары жүзеге асырылса, спорттық менеджменттің аймақтық және жергілікті органдары бұқаралық спортты дамытуға көбірек көңіл бөледі [11].

Спортты дамытудың заманауи модельдерінің ұйымдастырушылық және экономикалық аспектілерін қарастырсақ, америкалық және еуропалық «классикалық» шетелдік модельдердің сипаттамалары ресейлік модельмен салыстырғанда біршама ерекшеленеді. Американдық модельдің дамуы теледидарға негізделген. Яғни теледидар қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі, сондай-ақ жалпы кәсіби спортқа әсер етудің күшті тұтқасы ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, американдық модель спортшыларды құқықтық қорғауға, сондай-ақ кәсіподақ қозғалысын қолдауға назар аударудың жоғарылауымен сипатталады. Американдық модельден айырмашылығы, еуропалық кәсіби спорттың ерекшелігі - қалалық кеңестер мен демеушілердің экономикалық көмегі.

Кәсіби спортты дамытудың американдық және еуропалық модельдеріне төменде көрсетілген талдау қазіргі кезде Ресейде ұсынылып отырған нұсқаның американдық және аз дәрежеде еуропалық модельден айтарлықтай айырмашылықтары бар екенін көрсетті (1-кесте).

Сипатта масы	АҚШ	Еуропа	Ресей
Спорт түрлерінің жиынтығы	Солтүстік Америкада танымал спорт түрлеріне (бейсбол, америкалық басымдық берілген; дәстүрлі кәсіби спорт түрлерін дамыту (бокс, хоккей және т.б.)	Дәстүрлі кәсіби спорт түрлерін дамыту (баскетбол, бокс, автожарыс, футбол, хоккей және т.б.)	Еуропамен бірдей
Жарысты өткізудің негізгі қағидасы	Коммерциялық-тұрақты. Жарыстың сыртқы ортасы (ойын-сауық), сонымен қатар клубтар үшін экономикалық тиімділікке баса назар аударылады.	Спорттық-айналмалы	Еуропамен бірдей
Менеджмент	Әуесқой спорттан және қаржылық тәуелсіз кәсіптік спорт лигаларынан (NBA, NHL; NFL) бөлек құрылған. Америка қоғамының әлеуметтік құндылықтарына баса назар аударылған.	Кәсіби спорт әуесқойлармен бір федерацияда біріктірілген. Халықаралық спорт федерацияларының маңызды әсері бар.	Еуропамен бірдей
Құқықтық негіз	Арнайы федералдық заң жоқ. Спорттық ұйымдардың жарғылық құжаттары кеңінен қолданылады.	Ұлттық нормаларға негізделген арнайы заңнама бар.	Америкалық және еуропалық тәжірибені қамтитын кәсіби спорттың өзіндік


			заңнамалық базасы құрылған және дамуда.
Мемлекеттік қолдау	Кәсіби спорт - мемлекеттік идеология жүйесінің бөлігі. Мемлекеттік деңгейде салық салу, жалдау ақысы және басқа экономикалық мәселелер бойынша көмек көрсетіледі	Мемлекеттік құрылымдар мен муниципалдық кеңестер тарапынан экономикалық көмек	Мемлекет федералды және жергілікті органдар арқылы елеулі қаржылық қолдау көрсетеді
Қаржыландыру	Спорттық іс-шаралардан түскен пайда. Қаржыландыру көздері Еуропадағы сияқты, бірақ олардың қатысу үлесі айтарлықтай өзгереді. Теледидардың рөлі өте маңызды. Іс жүзінде ешқандай демеушілік жоқ.	Қаржыландыру көздері АҚШ-қа ұқсас. Мемлекет бақылайтын ұйымдар мен қорлардың демеушілік мен қаржылық қолдауы.	Спорттық іс-шаралар әрдайым дерлік тиімсіз. Демеушілік пен спорттық емес табысқа баса назар аударылады. Бюджеттік қаражаттың үлесі үлкен.
Іріктеу жүйесі	Мектеп және студенттік спорт ұйымдары арқылы іріктеледі. Жоба жүйесі кеңінен қолданылады.	Жоғары спорт жетістіктері саласы арқылы іріктеледі.	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен кәсіби (олимпиадалық) жүйе арқылы.

1-кесте. Кәсіби коммерциялық спорт түрлерін дамытудың американдық, еуропалық және ресейлік модельдерін салыстырмалы талдау
Ескерту: әдебиет негізінде құрылған [17]

Спорттың даму көрсеткіштері бойынша ағымдағы жағдайды талдау

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2019 жылдың қорытындысы бойынша республикада жүйелі түрде дене шынықтырумен және спортпен 5 706 625 адам шұғылданады, бұл елдегі халықтың 30,6 % құрайды (*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2019 жылғы 1 желтоқсандағы мәліметтері бойынша*). 2018 жылмен салыстырғанда шұғылданушылар саны 0,8%-ға ұлғайды, яғни 230 656 адам.

Спортпен шұғылданушылардың жалпы санынан: 28,6%-ы – әйелдер; 31,2%-ы – 6-13 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер; 43,1%-ы – 14-29 жас аралығындағы жеткіншектер мен жастар; 24,4%-ы – 30 жастан асқан тұлғалар; 1,3%-ы – зейнет жасындағылар; 14,1%-ы – ақылы негізде айналысады. 2018 жылмен салыстырғанда спортпен шұғылданушылардың саны 0,8% -ға, яғни 230 656 адамға көбейген (2-сур.).




2-сур. – Спортпен шұғылданушылар пайызы

Бұл көрсеткіш бойынша ең жоғарғы деңгей Атырау облысында (33,4 %), ал ең төмен көрсеткіш Шымкент қаласында (28,6%) байқалады.

Еліміздің спорт резервін тәрбиелеу үшін ерекше орын балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне беріледі. БЖСМ – бұл жоғарғы дәрежелі спортшыларды дайындау жүйесінде алғашқы баспалдақ болып табылады. БЖСМ мақсаты мен міндеті – тек қана спорт резервін даярлау, жас атлеттердің спорттық шеберлігін арттыру ғана емес, сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту болып табылады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша республикада 477 БЖСМ қызмет етеді, олардың ішінде 150 (31,4%) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі (ОРМБЖМ). *11 жаңа БЖСМ мектебі ашылды: Алматы облысында – 2 бірл., Ақтөбе облысында – 2 бірл., Атырау облысында – 1 бірл., Шығыс Қазақстан облысында - 1 бірл., Маңғыстау облысында – 1 бірл., Қарағанды облысында – 1 бірл., Түркістан облысында – 2 бірл., Нұр-Сұлтан облысында – 1 бірл. (3-сур.).*


477 БЖСМ-да 357 065 бала және жеткіншек жаттығады. 2018 жылмен (345 053 адам) салыстырғанда бұл көрсеткіш 12 012 адамға немесе 3,3%-ға өскен.



3-сур. – Республика бойынша БЖСМ-нің саны

Қазақстанда бұқаралық спортты дамыту проблемаларын зерттей отырып, бұқаралық спорттың әлсіз дамуының негізгі факторлары спорттық инфрақұрылымның, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің жетіспеушілігі, ірі спорт ғимараттарының қолжетімсіздігі, ауылдық жерлердегі бұқаралық дене шынықтырумен және спортпен жұмыс жасайтын нұсқаушы – әдіскерлердің аздығы, сондай-ақ ауылдарда және аудан орталықтарында арнайы стандартты спорттық-сауықтыру кешендері жоқ, қажетті спорттық жабдықтардың тапшылығы өте жоғары деңгейде [12].


Жоғарыда аталған мәселелерді талдау мақсатында статистикалық деректерге сәйкес, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Республикада 39 937 спорт ғимараты қызмет етеді (ауылдарда 23 498), оның ішінде 27 753 ғимарат спорт мектептерін қоса алғанда, білім беру мекемелерінің объектілеріне жатады және 12 184 нысан дене шынықтыру-спорт мақсатындағы объектілерге жатады (4-сур.).



4-сур. – Спорт ғимараттарының саны

Бұқаралық дене шынықтырудың серпінді дамуының бірден бір кепілі – дене шынықтыру саласындағы кәсіби мамандардың болуы екендігі сөзсіз. Қазіргі уақытта, дене шынықтыру мен спорт саласында жұмыс істейтін штаттық дене шынықтыру қызметкерлерінің жалпы саны – 56 198 адамды құрайды. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1456 адамға немесе 2,6 %-ға артық.

Дене шынықтыру қызметкерлерінің жалпы санының (56 198 адам): 48,6% - жалпы білім беру мектептеріндегі дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері (27 295 адам), 23,6% – спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушылар (13 264 адам), 3,9% - спорт әдіскерлері (2183 адам), 5,2% - спорттан нұсқаушылар (2 950 адам), қалған 18,7% – орта арнаулы оқу орындары, жоғары оқу орындары дене шынықтыру пәні мұғалімдері және дене шынықтыру мен спорт саласындағы басқа да қызметкерлерді құрайды (5-сур.).



5-сур. – Дене шынықтыру қызметкерлерінің пайызы

Ресми статистикаға сәйкес, бүгінде елімізде халықтың 30,6% дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысады. Салыстырмалы түрде: Германияда - әрбір екінші адам спортпен жүйелі түрде шұғылданады, АҚШ-та - бестен үшеуі, Финляндияда - халықтың 90% шұғылданады.

Жоғарыда айтылғандай, Мемлекет басшысы 2025 жылға қарай дене шынықтырумен және спортпен айналысатын қазақстандықтардың санын 35% - ға дейін, оның ішінде балалар мен жасөспірімдерді - 17% -ға дейін арттыру туралы міндет қойды.

Ауқымды қаражат кететін спорт нысандары мен мамандар тапшылығына инвестиция құю спорт саласының дамып, алға жылжыуына әсер ететін маңызы зор фактор. ЭЫДҰ құрамындағы елдерде саланы мемлекет тарапынан, әсіресе, инфрақұрылымды дамыту мәселесінде, оның ішінде лотерея өткізуден ел бюджетіне түсетін қаражат есебінен жеңілдікті кредит беру тәжірибесі кеңінен қолданылады.

Көпшілік халықтың спорт саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған спорт құрылыстарын салу және сатып алу шығыстарын жабуға жеңілдетілген пайыздағы несиелер муниципалитеттерге де, сондай-ақ спорт ұйымдарына да беріледі.

Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спорттың дамуы

Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спорттың нақты даму деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік, оған еліміздің әр аймағынан 56 адам қатысты (25 ер адам, 31 әйел адам). Оның ішінде респонденттердің 21,4% - 18-25 жас аралығында, 64,3% - 26-35 жастағылар, 8,9% - 36-45 жас аралығында және 5,4% - 56-65 жастағылар қамтылды.

«Сіз спортпен шұғылданасыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 51,8% «иә» деп, 42,9% «жоқ» деп және 5,4% жауап беруге қиналамын деген нұсқаны таңдаған (6-сур.).




6-сур. – Сауалнама нәтижесі

7 сурет бойынша «Егер шұғылдансаңыз, спорттың қай түрімен шұғылданасыз?» деген сауалға респонденттердің 26,8% жүгіру, 16,1% фитнес және спорттың ойын түрлері, 8,9% жүзу және респонденттердің ең көп бөлігі яғни 32,1% шұғылданбаймын деп жауап берген.



7-сур. – Сауалнама нәтижесі

«Спорт және дене шынықтырумен қаншалықты жиі шұғылданасыз?» деген сауалға респонденттердің 30,4% аптасына 1 рет, 12,5% аптасына 2 рет, 25,0% аптасына 3 рет және респонденттердің ең көп бөлігі яғни 32,1% шұғылданбаймын деп жауап берген (8-сур.).



8-сур. – Сауалнама нәтижесі

Келесі «Сіз үшін спортпен айналысуға не кедергі?» деген сауалға респонденттердің 33,9% уақыттың болмауы, 14,3% спорт ғимараттарының үйден қашықтығы, 28,6% спорт зал абонементтерінің бағасы тым қымбат, 23,2% жауап беруге қиналамын деп жауап берген (9-сур.).



9-сур. – Сауалнама нәтижесі

10 сурет бойынша «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?» деген сұраққа респонденттердің төмендегідей ұсыныстарын білдірді:

- ең көп бөлігі 51,8% спорт ғимараттары көбірек қолжетімді бағамен болса;
- 16,1% сауалнамашылардың өздері жұмыс жасайтын орындарда спорт залдары ашылса;
- 10,7% мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында спорт залдары салынса;
- 8,9% бұқаралық спортты халық арасында кеңінен насихатталса.



10-сур. – Сауалнама нәтижесі

Ең алғашқы терең сұхбатты берген кісі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті жиынтық-талдау басқармасының басшысы Моллақанағатұлы Хабибулла мырза.

Ол кісінің пайымдауынша: «... бұқаралық спорт – жоғары жетістіктер спортының негізгі іргетасы, қайнар көзі. Осы бұқаралық спорт құрамынан озып шыққан жүйріктердің жүйрігін кәсіби түрде баптау арқылы жоғары спортта жетістіктерге қол жеткізе аламыз.

Менің пікірімше, елімізде ең алдымен мектепке дейінгі спортты, мектеп қабырғасындағы спортты, студенттік спортты, түрлі жастағы тұрғындар арасында аула спортын дамыту арқылы спорттың бұқаралық сипатын арттыруға болады. Мемлекеттің бұл бағыттағы саясаты тек қаржыландырумен ғана шектеліп қалмай, бұқаралық сипатта насихаттау, көтермелеу, ынталандыру, экономиканың басты факторы адам капиталының физикалық болмысының нығаюына жағдай туғызуға бағытталуы керек деп ойлаймын».

«Соңғы жылдары мемлекеттің спорт саласындағы саясаты бұқаралық спорттың мәртебесін арттыруға бағытталып келе жатқандығы байқалады.

Елімізде халықаралық дәрежеде жабдықталған спорт инфрақұрылымдарының дамуына байланысты, әуесқой халықтың қалаған спорттың түрлері бойынша айналысуына мүмкіндіктер ашылуда. Бұл өз кезегінде жүзу, футбол, каратэ, бокс сияқты үйреншікті спорт түрлерімен қатар, семсерлесу, ескек есу, стенд ату, садақтан көздеп ату сияқты спорттың классикалық түрлерімен айналысушылардың артуына ықпал етіп отыр.

Сондықтан балаларын олимпиада чемпионы қатарында көргісі келетін ата-аналардың таңдауларының да тізбесі кеңейді деп айтуға болады».

«Үстел теннисі жалпы білім беретін орта мектептердің секцияларына қосылса бұқаралық спорттың дамуына оң септігін тигізеді. Үстел теннисін жалпы білім беретін орта мектептердің секцияларына қосу арқылы біз оқушылардың қол-көз координациясын жақсартуға, ақыл-ойларын сергіте отырып, концентрация мен тактикалық стратегияларын дамытуға мүмкіндік аламыз. Ол үшін оқушыларды үстел теннисін ойнауға қызықтыратын түрлі бағдарламалар ұйымдастыру, жарнамалық роликтер түсіру, қоғамдық орындарда теннис үстелдерін көптеп орналастыру керек деп ойлаймын. Жалпы бұл спорт түрі жылдам әрі тез бұқаралық сипат алып кетеді деп ойлаймын, себебі үстел теннисінің ережелері аса күрделі емес, қарапайым халыққа түсінікті, үйреніп алуға оңай әрі қызықты спорт түрі болып табылады».

«Менің ойымша, бұқаралық спортты дамыту халықтың тұрғылықты жерлеріне жақын орналасқан, барлық әлеуметтік топтарға қолжетімді спорттық инфрақұрылымның көп болуы мен олардың ішіндегі түрлі спорттық секциялардың жұмысы туралы халықты ақпараттандыру арқылы жүзеге асырылады. Шамалары келетін жеке тұлғалар өздерінің қажеттіліктеріне орай жүйелі және ақылы түрде фитнес залдарында жаттығулармен айналысу арқылы спортқа деген сенімділіктері мен мәдениеттіліктерін арттырулары мүмкін. Алайда, біз бұқара дегенде халықтың барлық әлеуметтік топтарын назарға алуымыз керек деп ойлаймын. Сондықтан, жүйелі түрде жұмыс істейтін мектепке дейінгі, мектеп және студенттік спортпен қатар, аула спортын түрлі клубтар мен үйірмелер құру жолымен және ол жерлерге түрлі жастағы халықтың барлық санаттарын жұмылдыру арқылы бұқаралық сипат бере аламыз».

«Өз кезегінде мектеп қабырғасында немесе университеттің спорт залында бойында спорттық қабілеті байқалған балалар мен студенттерді тиісінше кәсіби мамандандырылған спорт мектептері мен интернат-колледждерде шынықтырып, баптау арқылы түрлі деңгейдегі сайыстар мен халықаралық жарыстарға қоса аламыз. Осылайша, салауатты өмір салтын ұстанатын, еліміздің дені сау тұрғындарының арасынан озып шыққан толағайларымыздың жеңістерінің арқасында мемлекетіміздің көк туы биік тұғырлардан көрініп, әнұранымыз шырқалып, абыройымыз асқақтай түсері сөзсіз.

Бұл ретте, заманауи стандарттарға сәйкес келетін, спорт ғимараттарын салып, мамандандырылған спорт мектеп-интернат колледждерін ашу арқылы біз бұқаралық спорт клубтары мен спорт секцияларынан жүлделі орындармен көзге түскен спортшыларымызды кәсіби түрде даярлаудың жүйесін қалыптастыра аламыз».

«Жалпы, Тәуелсіздік жылдарында спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік саясаттың өзіне тән ерекшелігі бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын теңгерімді тәсілдермен дамыту болды.

Бұл ретте, сала заңнамасын жетілдіру шеңберінде 2014 жылы саланы дамытудағы заманауи талаптарға сәйкес келетін «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Президенттің Жарлықтарымен және Үкіметтің қаулыларымен бекітілген бес жылдық кезеңдерге арналған 4 мемлекеттік бағдарлама, 1 тұжырымдама бекітіліп, іске асырылды.

Осы бағдарламаларды және алға қойылған міндеттерді іске асырудың нәтижесінде халықты дене шынықтыру және спортпен қамтудың үлесі 31,6%-ды құрады. Бұл ел тұрғындарының 5,9 миллионға жуығы дене шынықтыру және спортпен айналысатындығын көрсетеді.

Дегенмен, мына заманның өзгерістер ағымының жылдамдығына сай жаңа олқылықтар мен спорттың дамуына тұсау болатын түрлі проблемалар туындап отырды. Аталған проблемалық мәселелерді заңнамалық түрде реттеу мақсатында дер кезінде және уақтылы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізіліп, Заң жаңа нормалармен толықтырылып отырды. Атап айтқанда, 2020 жылы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Заңның негізгі бағыттары балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтарын және дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлер желісін кеңейтуге, халықпен жұмыс істейтін штаттық спорт нұсқаушыларын қамтамасыз етуге, спорттық медицина мен адаптивті дене шынықтыру саласындағы мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасауға, мемлекеттік спорттық тапсырыстың жан басына шаққандағы қаржыландыру және түрлері мен көріністеріне, ведомстволық бағыныстылығына, басқару меншігі формасына қарамастан жеткізушілерде оларды орналастыру болып табылады.

Сондай-ақ, Заң шеңберінде «қазақ күресі», «тоғызмалақ», «асық ату» бойынша білім берудің барлық деңгейлерінде дене шынықтыру сабақтарына ұлттық спорт түрлерінің міндетті компонентін енгізу жоспарлануда.

Бұл нормалардың қабылдануы бұқаралық спорттың дамуына оң әсер етеді деп ойлаймын».

«Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың жай-күйі, дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың қамтылуының деңгейі, дене шынықтыру ұйымдары мен олардағы кадрлық мамандар туралы жыл сайынғы есептілікті қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 7 маусымдағы № 70 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы есеп» ведомстволық статистикалық байқаудың

(коды 211206232, индексі 1-ФК, кезеңділігі жартыжылдық) статистикалық нысаны бекітіліп, іске асырылуда.

Онда мынадай 8 бөлім қарастырылған:

1. Спорттық ғимараттар бойынша негізгі көрсеткіштер
2. Дене шынықтыру және спорт саласындағы штаттағы қызметкерлердің саны бойынша негізгі көрсеткіштер
3. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жұмыс бойынша негізгі көрсеткіштер
4. БЖСМ, МБЖСМ, ОРМБЖМ жұмыстарының негізгі көрсеткіштері
5. Спорт колледждері, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттары жұмыстарының негізгі көрсеткіштері
6. Республикалық, облыстық және қалалық жоғары спорт шеберлігі мектептері, олимпиадалық даярлау орталықтары, олимпиадалық резервті даярлау орталықтары жұмыстарының негізгі көрсеткіштері
7. Спорт түрлерін дамыту бойынша жұмыстардың негізгі көрсеткіштері
8. Дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру жөнінде ақпарат.

Бұл ведомстволық статистикалық деректер жылына екі рет облыстардың, Алматы, Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларының спорт және дене шынықтыру саласындағы уәкілетті жергілікті органдарымен ұсынылады. Мұндағы деректердің нақтылығы мен толықтығын айқындау, дұрыстап есептеу мақсатында бұл есептілікті жылына бір рет тапсыратындай етіп өзгерткен жөн деп есептеймін», - деп өз сұхбатын аяқтады.

Екінші интервьюер Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның директоры, Олимпиада ойындарының қатысушысы – Мұратбек Сұлтанбекұлы Қыпшақбаев.

Оның пікірінше, «...бұқаралық спорт – жоғары спорттың дамуы мен қалыптасуының негізі деген ұғым дұрыс. Бүгінгі таңда елімізде спорт саласының жүйесі дәл осы принциппен жасақталған. Демек, бұқаралық спортқа БЖСМ, спорттық клубтар мен секциялар жатады. Осы сатыдан бастаған балалар мен жасөспірімдер спорт түрлері бойынша ұлттық құрамалардың резерві болып, келешекте жоғары спортқа өтеді».

Сондай-ақ, «...ҚР бұқаралық спорттың маңыздылығы мемлекеттік деңгейде талқыланып, көптеген ауқымды шаралар іске асырылып келеді. Соның ішінде, жер-жерлерде спорт инфрақұрылымының дамуы, ауыл-аудандарда спортзалдар салынып, халыққа спортпен шұғылдануға жағдай жасалуы, жыл сайын көптеген бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізілуі. Мемлекеттік спорт мектептерімен қатар жеке спорттық секциялар, залдар, спорт түрлері бойынша спорт мектептерінің ашылуы да жақсы әсерін тигізіп келеді», - деп есептейді.

«Қазірде елімізде бұқаралық спорттың дамуы төмен деп айтуға болмайды. Жылдан-жылға жүйелі түрде спортпен шұғылданушылардың саны артып келеді. Жасөспірімдермен қатар ересектердің қазіргі уақытта спортты серік етіп келетіні

өте жақсы көрсеткіш. Әрине, бұл бағытта әлі де жаңа көзқарас, жаңа әдістер қарастырылуы қажет.

Жалпы қазақстандықтарға спорттың осы түрі немесе басқа спорт түрі жақын айтқан дұрыс емес шығар. Барлығымызға мәлім, бұрын ата-аналар көбінесе балаларын жекпе-жектің түрлеріне, соның ішінде бокс пен күреске әкелетін болса, қазіргі уақытта жағдай өзгерді. Бұл спорт түрлеріне қызығушылық сақталғанымен, басқа спорт түрлерін таңдаушылардың саны өсіп келеді. Мысалы үшін, кәсіби спортшылардың табысы биік спорт түрлері, соның ішінде футбол, хоккей, баскетбол сияқты спорт түрлеріне сұраныс жоғары. Шығыс спорт түрлері, соның ішінде каратэнің түрлері, себебі қолжетімді. Шағын залдарда, жаңадан салынған үйлердің төменгі қабаттарында зал ашып, ата-аналарға жеңілдетілген жолмен балалардың саны артып келеді», - деп бұқаралық спорттың жай-күйі мен балалардың қызығушылығын оятқан спорт түрлерін жіктеп берді.

«Үстел теннисі өте әдемі және адам ағзасына өте пайдалы спорттың түрі. Себебі, қозғалысы көп, зейінділік пен координацияға көңіл бөлінеді, түрлі бұлшық еттің жаттығуы, әр жастағы адамның шұғылдануына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, спорт жабдықтары қолжетімді. Егер де бұл спорт түрі жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына енгізілсе, міндетті түрде бұқаралық спорттың даму көрсеткішіне оң әсерін тигізеді».

«Спорт пен дене шынықтыру әрбір азамат немесе спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар адам сол мүмкіндікті пайдаланып, күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде әдетке айналдырса, әрине бұл жалпы қоғамымыздың көзқарасы ретінде мәдениетіміздің бір көрінісі болып қалыптасады. Және мұндай қоғамда өсіп, тәрбиесін алған өскелең ұрпақтың сана-сезімінде спорт пен дене шынықтырудың өзіне керек екенін түсініп, бұл заманауи өмірдің талабы ретінде қабылдайды.

Сонымен қатар, спорттық базалар мен спорттық залдардың саны жеткіліксіз болса, спорт мәдениетін қалыптастыру мүмкін емес. Демек, спортзалдар, түрлі спорттық базалар қажет. Ал спорт мектептерге келер болсақ, олардың санын көбейтуді мақсат етпей, бар мектептерге жағдай жасау маңызды болып отыр.

Спорт саласына тиісті заңнамаға бүгінгі таңдағы спорттың дамуына, жаңа форматтағы жұмысты ұйымдастыруға қажетті құжаттар қарастырылуы қажет. Сондай-ақ спорт саласындағы мамандарды ынталандыру жүйесі қолға алынса. Мысалы спорт магистрі дәрежесі бар мамандардың жалақысына қосымша ақы төленсе, сапалы мамандар санын көбейте алар едік», - деп өз ойын қорытындылап, саланы дамытуға ұсыныстарын білдірді.

Үшінші интервьюер Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің басшысы Мұстафин Мұрат Ибраевич.

Оның пікірінше, «... Бұқаралық спорт - бұл азаматтардың дене тәрбиесі мен дене дамуына, сондай-ақ дене шынықтыру және спорттық шараларға қатысуға бағытталған спорттың бір бөлігі. Бұл миллиондаған адамдарға физикалық және ептілік қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұқаралық спорттың әр

түрімен шұғылданудың мақсаты - дене дамуын жақсарту, денсаулықты нығайту, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыру және физикалық кемелдікке жету. Жастардың едәуір бөлігі бұқаралық спорт элементтерімен мектеп және студент кездерінде, тіпті кейбір спорт түрлеріне мектеп жасына дейін араласады.

Бүгінде бұқаралық спортты дамытудың ұйымдастырушылық және практикалық тұрғысынан біз көптеген шет мемлекеттерден артта қалып келеміз. Оған дәлел - тартылған адамдар саны, спорттық клубтар мен ғимараттардың саны, спорттық-сауықтыру қызметтерінің құны туралы мәліметтер ғана емес, сонымен бірге үкімет пен жергілікті билік тарапынан атқарылған жұмыстардың нәтижесі.

Қазақстанда бұқаралық спортты көтеру үшін спортты қолдауға бағытталған саясат қажет: спорт клубтарының, мектептердің, мектеп-интернаттардың санын көбейту және спорттық ғимараттарды көбейту. Үкімет пен жергілікті билік тарапынан спорт арқылы ынталандыруды дамытуға көп көңіл бөлінсе және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың алдын алса».

«Қазіргі уақытта таңдау өте үлкен. Шынайы рахат алу үшін спорт түрін таңдау кезінде адамдар алдымен өз бойындағы ынтасын, жігерін түсініп, анатомиялық қасиеттерді ескеруі керек: бойы, салмағы, қолдың ұзындығы, қаңқа құрылымы. Спорттың кез-келген түрі, мейлі ол командалық спорт болсын, мейлі жеке спорт болсын, өзінше әдемі және көп қырлы, бірақ сонымен бірге бөлек қасиеттерді қажет етеді. Менің ойымша, қазақстандықтар командалық спорт түрлерінен: футбол, хоккей, велосипед тебуден басымдық алады. Жеке спорт түрлерінен: бокс, жүзу, жеңіл атлетика, гимнастика, шаңғы, дзюдо. Бұл спорт түрлері ата-аналарға ұнайды».

«Орта мектептер - бұқаралық спорттың ұстазы, дәл сол жерде спортты үгіттеу және белсенді насихаттау мүмкін. Егер біз үстел теннисі спорт түрін орта мектеп бөліміне енгізсек, дамытатын болсақ, онда болашақта біз бұқаралық спорттың жандануына үлес қосамыз».

«Бұқаралық спортпен шұғылданушылар неғұрлым көп болса, бұқаралық құрамнан спорттық талантты балалар мен жасөспірімдерді анықтау мүмкіндігі соған орай көп болады. Ең алдымен, спорттың бұқаралық сипатын дамыту, барлық ұрпақты спортқа тарту қажет. Анықтама бойынша «спорт - бұл жарыс мақсаттары үшін орындалатын дене белсенділігінің нақты түрі». Өз кезегінде, фитнеспен айналысатындардың қарапайым мақсаттары бар: денені сергіту, физикалық белсенділікті дамыту және денсаулықты жақсарту. Біздің ойымызша, біз бұқаралық спортты ғана емес, сонымен қатар спорттық нысандар түрінде спорттық инфрақұрылымды дамытуымыз керек».

«Мәселелердің бірі ретінде біз келесілерді қарастыруды ұсынамыз: Бүгінгі күні БЖСМ-нің мәртебесі мен қызметіне қатысты сұрақтар туындайды, атап айтқанда, олардың қызметі тек спорт заңнамасымен ғана емес, білім беру заңнамасымен де реттеледі. Осыған байланысты қадағалаушы органдардың тексеруі кезінде заңды жанжал туындайды. Мысалы, спорттық заңнамаға сәйкес, спорт мектебі спорт түрі болып табылады. Сонымен бірге жаттықтырушы-оқытушылар мұғалімдерге теңестіріледі және олар мұғалімнің мәртебесі туралы

заңға бағынады, алайда білім беруде қосымша білім беруге қойылатын басқа да талаптар бар. Осы мәселе реттелуі керек.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы №42 бұйрығымен бекітілген «Спорт резерві және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт түрлері бойынша спортшылардың жас шамасы» туралы бұйрықты спорттың ерекшеліктерін ескере отырып, топпен айналысатын адамдардың саны туралы бөлімді қайта қарау қажет сияқты. Қабылдау өте қиын болатын бұқаралық сипаттағы спорт түрлері бар, мысалы ауыр атлетикаға қабылдау 10 жастан басталады. Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналар балаларын осы жасқа спортқа жібергісі келмейді. Немесе дзюдоны мысал ретінде қарастырайық. Жастар 23 жасқа дейін. Бірақ осы жаста спортшылар ересектер арасындағы турнирлерге қатысады, содан кейін неге 23 жасқа дейінгі жастарды жасөспірімдер санатына қосып, жасөспірімдер спорт мектебінде ұстау керек?

Спорт заңнамасындағы олқылық ретінде тағы бір мысал, спортшы жастар арасында бокстан Азия чемпионаты болады. Алайда, «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандағы №56 бұйрығында бокстан Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері спорттық атағына арналған категориялар мен біліктілік санаттарында спорттық атақ ерлерге - «Юниорлар арасындағы Әлем чемпионатында 1-2 орын» иеленген жағдайда беріледі деп жазылған. Ал хаттамаларда ресми түрде жастар арасындағы әлем чемпионаты деп жарияланады. Осылайша, стандартты орындаған спортшы заң алдында дәрменсіз болып, спорттық атақсыз қалады.

Осылайша, осы заңдағы «юниор» және «жастар» ұғымдарының тұжырымдамасы түсініксіз болып отыр. Заңдағы осындай олқылық тек боксқа қатысты емес, басқа спорт түрлерінде де бар.

Біздің ойымызша, спорт заңнамасына енгізілген өзгерістер немесе жаңа заңдар жасау кезінде, ең алдымен, басқа заңдармен қайшылықтарды анықтау, олқылықтарды анықтау үшін заңның мазмұнын терең зерттеу қажет. Өйткені, барлық заңдар бір-біріне бағынуы керек.

«Статистикалық есептің бұл нысаны жарты жылға және бір жылға беріледі, жылдық есепте барлық мәліметтер жарты жыл ішінде қайталанатын мәліметтермен бірге жинақталады. Біздің ойымызша, спорт резервін дайындау және спортты дамыту жөніндегі ұйымның мақсатты міндеттеріне қол жеткізілгенін білу үшін есептерді жарты жылға қалдырған жеткілікті.

Есеп өте ауқымды, сонымен бірге ұйымның іс-әрекетін бейнелейтін цифрлармен көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен, бұл топтардың саны, жаттықтырушылар, оқытушылар туралы, сондай-ақ сапалы көрсеткіштер (спорттық категориялар, категориялар) тұрғысынан ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, бұл есеп маңызды мағынаға ие, яғни статистикалық тұрғыдан, республикамызда дене шынықтыру мен спорттың дамуын көруге мүмкіндік береді. Тағы бір нәрсе - бұл мәліметтер қаншалықты дұрыс толтырылғандығы, дене шынықтыру және спорт ұйымдары кейде индикаторларды жасанды түрде асырып жібергісі келеді, осылайша біздің елде дене шынықтыру мен спорттың даму деңгейінің нақты көрінісін бұрмалайды», - деп өз ойын білдіріп, сұхбатты аяқтады.

Зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар. Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып, елімізде бұқаралық спорт жақсы дамып келе жатқанын атап өтуге болады. Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ресми мәліметтерін еліміздің барлық аймақтарынан келген респонденттердің сауалнамасымен салыстыра отырып, орташа есеппен бұқаралық спорттың даму көрсеткіштері бірдей екенін көреміз. Зерттеу бұқаралық спорттың одан да жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін бірқатар өзекті мәселелердің бар екенін көрсетті. Бүгінгі таңда бұқаралық спорттың қазіргі ахуалына жүргізілген талдау нәтижесінде келесі кемшіліктер анықталды:

1. Спорт инфрақұрылымының жетіспеушілігі және ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымы нашар дамыған, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, жоғары сапалы спорттық құралдар мен жабдықтардың аздығы;

2. Білікті мамандардың жетіспеушілігі, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың тапшылығы;

3. Балалардың спортқа қызығушылығының төмендігі;

4. Көпшілік арасында бұқаралық спорт бойынша насихаттың аздығы.

Осылайша, бүгінгі күні инфрақұрылымдық және әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерінің шешілмеуі салауатты өмір салты стандарттарының таралуын шектеудің маңызды факторы болып отыр.

Аталған кемшіліктердің орнын толықтыру мақсатында магистрлік жоба аясында келесі ұсыныстар әзірленді:

• спорт инфрақұрылымының санын көбейту және материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін қаржыландыру көзін МЖӘ есебінен тарту;

Ол үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабына сәйкес, халық үшін құндылық қағидаты – әлеуметтік инфрақұрылымды және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамытуды қамтамасыз ету, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділік пен сапасы деңгейін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру болып табылады [18]. Яғни бүгінгі күні бизнес өкілдері әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыруға қауқарлы және дайын.

Бұқаралық спорттағы МЖӘ негізінен мемлекеттік келісімшарттар деңгейінде жүзеге асырылады. Осылайша, МЖӘ-нің басқа түрлерін, әсіресе бұқаралық спорттың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін спорт ғимараттарын салу мен басқарудың концессиялық тетіктерін енгізу қажет. Мұнда басты назар

спорт ғимаратын басқаруға аударылуы керек, өйткені бұл спорт ғимараты қызметін тиімді жүзеге асыра алатын бизнес. Сондай-ақ, келісімшартта бүкіл өмірлік циклде мемлекеттік мекемеге объектінің жағдайын үнемі қолдау көзделген жағдайда, жеке меншікке уақытша беру тәжірибесін қолдану қажет [19].

Тәуекелдер мен жауапкершілікті бөлісу мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің әлеуметтік маңызды жобаларын, оның ішінде дене шынықтыру және спорттық қызметтерді жүзеге асыруда басты рөл атқаруы керек. Мысалы, спорттық ғимараттарды салу кезінде нысанның құрылысын жеке секторға, ал байланысты инфрақұрылымды мемлекетке тапсыруға болады. Көп жағдайда бұқаралық спортты дамытуға, спорттық-сауықтыру қызметін жүзеге асыруға бағытталған жобалар мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Сондықтан дене шынықтыру және спортқа қызмет көрсету саласын дамытуға бизнестің қатысу үлесін арттыру үшін МЖӨ жобаларын іске асыру қажет [19].

- *білікті мамандардың, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың санын көбейту үшін ынталандыру саясатын қолдану;*

Ол үшін қызметкердің атқарған жұмысына байланысты, сонымен қатар біліктілігін арттыру мақсатында қосымша оқу оқып келген жағдайда монетарлық (*еңбекақысын көтеру, лауазымын жоғарылату*) және монетарлық емес (*мақтау, мадақтама қағаздары*) ынталандыру саясатын қолданып, бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың санын көбейте аламыз.

- *балалардың спортқа қызығушылығын ояту мақсатында мектеп бағдарламасына немесе секция ретінде үстел теннисін енгізу;*

Үстел теннисін ойнау арқылы оқушылардың ойлау шапшаңдығын, дене қозғалысы шапшаңдығын арттырып, буын мен ми саулығын сақтауға аса пайдалы екені дәлелденген.

Мәселен, өндірістік практика барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінде де осы үстел теннисі дәлізге қойылғанын байқадым, кез-келген қызметкер өзінің бос уақытында барып ойнап, сергіп қайтады.

Қазақстанның барлық аймағында үстел теннисі спорт түрі бар. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың қорытындысы бойынша үстел теннисі секцияларында жүйелі түрде шұғылданатындар саны 191 615 адамды құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 99 219 адам. *Өңірлер бөлінісінде қарастырсақ: Ақмола облысы – 11237 (ауылда 6940), Ақтөбе облысы – 21 508 (948 ауылда), Алматы облысы – 21 556 (ауылда 13019), Атырау облысы – 9282 (5715 ауылда), Шығыс-Қазақстан облысы – 10875(8147 ауылда), Жамбыл облысы – 8682(7748 ауылда), Запaдно-Кaзaхcтaнcкaя облысы – 6799 (4357 ауылда), Қараганды облысы – 17753(1423 ауылда), Қостанай облысы – 5579(3882 ауылда), Қызылорда облысы – 12284(6695 ауылда), Маңғыстау облысы – 9473(4178 ауылда), Павлодар облысы – 8008(4345 ауылда), Солтүстік-*

Қазақстан облысы – 2713(2119 ауылда), Түркістан облысы – 33385(29703 ауылда), Нұр-Сұлтан қ. – 965, Алматы қ. – 2604, Шымкент қ. – 8912.

Үстел теннисі бойынша жаттықтырушылар саны 3176 адамды құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 2166 адам (Ақмола облысы – 301(221 ауылда), Ақтөбе облысы – 438(147 ауылда), Алматы облысы – 238(170 ауылда), Атырау облысы – 31(12 ауылда), Шығыс-Қазақстан облысы – 229(174 ауылда), Жамбыл облысы – 21(18), Батыс-Қазақстан облысы – 99(80), Қарағанды облысы – 27(6 ауылда), Қостанай облысы – 270(221), Қызылорда облысы – 346(243 ауылда), Манғыстау облысы – 47(35 ауылда), Павлодар облысы – 324(242 ауылда), Солтүстік-Қазақстан облысы – 137(118 ауылда), Түркістан облысы – 553(479 ауылда), Алматы қ. – 54, Нұр-Сұлтан қ. – 42, Шымкент қ. – 19).


Жарыс атауы	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы
Олимпиадалық Ойындар	-	-	-	-
Әлем Чемпионаты	-	-	-	-
Азия Ойындары	-	-	-	-
Азия Чемпионаты	-	-	-	-
Гран-При	-	-	-	-
Халықаралық турнир	5	4	9	18

2-кесте. Ұлттық құраманың халықаралық жарыстардағы нәтижесі

2018 жылы үстел теннисіне республикалық бюджеттен қаржыландыру 112 193,0 теңгені, 2019 жылы 125 949,0 теңгені құрады. 2020 жылға 149 253,0 теңге жоспарланған.

Теннис үстелдері көптеп орнатылып, аталған спорттың пайдасы кеңінен насихатталып, ойыншылар саны артса, үстел теннисі бұқаралық сипат алса, ұтарымыз көп. Себебі үстел теннисі – олимпиадалық спорт түрі. Ал кез келген елдің белгілі бір спорт түрінде табысқа жетуі үшін, ол спортты өз елінде бұқаралық сипат алуына назар аударғаны жөн. Оған дәлел – Қытай елі. Бұл елде еңбектеген баладан еңкиген қартқа дейін үстел теннисін ойнайды. Үстел теннисі спорты кеңінен тарағандықтан осы спорт түріндегі Қытай атлеттері әлемде жеке дара үстемдік етуде. Сол себепті үстел теннисіне бұқаралық сипат беру арқылы елімізде спорт резервін қалыптастыра аламыз.

Автормен үстел теннисін мектеп бағдарламасына енгізу жолдары ұсынылады:



11-сур. – Үстел теннисін мектеп бағдарламасына енгізу жолдары

Бүгінгі күні үстел теннисінің нарықтағы бағасы шамамен 75-100 мың теңге көлемінде. Мектептерге үстел теннисін 3 тәсіл арқылы орнатуға болады:

1. Қазақстанда барлығы 7429 мектеп бар, аталған мектептерде 3.4 млн-нан астам оқушы оқиды. «1 М – 5 Т» бағдарламасы аясында яғни әр 1 мектепке – кем дегенде 5 үстел теннисін орнату;

2. Жыл сайын мектеп бітіріп кеткен түлектер саны көбеюде және мектеп бітіргендеріне 5, 10, 20 жыл болған түлектер мектепке естелік ретінде тарту жасағысы келеді. Сол түлектерге мектепке қажетті, оқушылар үшін таптырмас сергітетін үстел теннистерін орнату туралы ұсыныс айту;

3. Жыл сайын іс-шаралар өткізу үшін үкіметтік емес ұйымдарға қаржы қарастырылады, сол қаражат есебінен мектептерге үстел теннисін орнату.

• *спорт бойынша PR көмегіне жүгіну*

Дамыған алпауыт мемлекеттердің тәжірибесін қолдансақ, яғни АҚШ, Германиядағы секілді бұқаралық ақпарат құралдарының көмегіне жүгіну арқылы бұқаралық спортты танымал ету құралын пайдаланып, халық арасында кеңінен насихаттау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиеттерге шолу, шетелдік тәжірибені зерттеу, нормативтік-құқықтық актілер мен заңдарды талдау, мәнді әрі терең сұхбаттар және жүргізілген сауалнама нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалып, шешу жолдары ұсынылды.

Бүгінгі күні ұлт денсаулығын нығайту мәселелеріне ерекше назар аударуды қажет етеді. Халықтың саулығын қамтамасыз ету және барлық әлеуетін ашу үшін қаржыландырудың, ғылыми-әдістемелік, кадрлық және медициналық қамтамасыз етудің тиісті деңгейімен қатар, бұқаралық спортты дамыту жөніндегі жүйені нақты құру керек. Осыған орай, бұқаралық спортты халықтың барлық жас топтары арасында дамыту маңызды.

Қазіргі уақытта бұқаралық спорт әлемдік спорттық-дене шынықтыру қозғалысындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Бұқаралық спортты дамытудағы шетелдік тәжірибе көрсеткендей, басқарушылық функцияларды бөлудің аумақтық принципі мемлекеттік және аумақтық басқару органдарының құзыреті мен жауапкершілігін нақты бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен, егер мемлекеттік деңгейде менеджменттің негізгі функциялары жүзеге асырылса, спорттық менеджменттің аймақтық және жергілікті органдары бұқаралық спортты дамытуға көбірек көңіл бөледі.

Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерді ерте жастан бастап бұқаралық спортқа баулу үшін, мектептерде күн сайын міндетті дене шынықтыру сабағын өткізу қажет.

Спортты дамытудың заманауи модельдерінің ұйымдастырушылық және экономикалық аспектілеріне байланысты, озық америкалық және еуропалық модельдерді қолдану яғни спортты дамыту үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілерді ұтымды пайдалану.

Бұқаралық спорттың қазіргі ахуалына жүргізілген талдау нәтижесінде келесі кемшіліктер анықталды:

1. Спорт инфрақұрылымының жетіспеушілігі және ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымы нашар дамыған, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, жоғары сапалы спорттық құралдар мен жабдықтардың аздығы;

2. Білікті мамандардың жетіспеушілігі, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың тапшылығы;

3. Балалардың спортқа қызығушылығының төмендігі;

4. Көпшілік арасында бұқаралық спорт бойынша насихаттың аздығы.

Аталған кемшіліктердің орнын толықтыру мақсатында магистрлік жоба аясында келесі ұсыныстар әзірленді:

- спорт инфрақұрылымының санын көбейту және материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін қаржыландыру көзін МЖӘ есебінен тарту;

- білікті мамандардың, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың санын көбейту үшін ынталандыру саясатын қолдану;

- балалардың спортқа қызығушылығын ояту мақсатында мектеп бағдарламасына немесе секция ретінде үстел теннисін енгізу;

- спорт бойынша барынша PR көмегіне жүгіну.

Қорытындылай келе, жалпы елімізде спорттың даму қарқыны өте жақсы, алайда бұқаралық спорт арқылы спорт резервін жоғары деңгейде қалыптастыру үшін әлі де спорттық ғимараттар санын көбейтіп, қажетті спорт жабдықтарымен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар жаттығу залдары мен бассейндердің абонемент бағасын қарапайым халыққа тиімді етіп төмендету ұлт денсаулығын жақсартудың кепілі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.
3. Пономарев, Н.И. Профессиональный спорт как субкультура. Теория и практика физической культуры. – М., 2005. – 56 с.
4. Выдрин, В.М. Спорт в современном обществе. М.: ФиС, 1980.
5. Кубиева, С. С. Спорт негіздері мен кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2013.-240 б.
6. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.
7. Назарбаев, Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 441 б.
8. Ушакова, Н.А. Зарубежный опыт управления физической культурой и спортом на примере Китая // Путеводитель предпринимателя. – 2021. – №14(1). – ISSN 2073-9885. – С. 213-222. – Мәтін: электронды // URL: <https://doi.org/10.24182/2073-9885-2021-14-1-213-222> (қарау күні: 30.04.2021).
9. <http://sportfiction.ru/books/osobennosti-podgotovki-sportivnogo-rezerva-v-vedushchikh-sportivnykh-derzhavakh/?bookpart=190140> (қарау күні: 12.04.2021).
10. <https://finland.fi/ru/zhizn-i-obshhestvo/finlyandiya-lider-po-fizkulture-i-spo/> (қарау күні: 12.04.2021).
11. Савотеев, А.А. Развитие и поддержка массового спорта государством в России и зарубежных странах//Иновации и инвестиции. – 2013.–№3. – С. 161-167. – Мәтін: электронды // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-i-podderzhka-massovogo-sporta-gosudarstvom-v-rossii-i-zarubezhnyh-stranah/viewer> (қарау күні: 30.04.2021).
12. Шишигина, О.В. Проблемы развития массового спорта в Казахстане//Nomad кочевник. – Мәтін: электронды // 2014 URL: <https://nomad.su/?a=14-201404020019> (қарау күні: 12.04.2021).
13. Айян, Т. «Спорт для всех» как образ жизни: Современные тенденции и некоторые социальные аспекты развития движения «Спорт для всех»: проблемы воспитания и образования /Т.Айян // Спорт для всех. – 1999. - № 1-2. – С.19-20. (қарау күні: 12.04.2021).
14. Доклад к совместному заседанию Совета при Президенте Российской Федерации по развитию физической культуры и спорта и президиума Государственного совета Российской Федерации: «О роли субъектов Российской Федерации и муниципальных образований в развитии физической культуры, спорта и туризма». С. 30. (қарау күні: 12.04.2021).
15. Гречишников, А.Л. Понятие «массовый спорт» как объект рассмотрения социологии управления // Современные проблемы науки и образования. – 2014.

- № 6. – Мәтін: электронды // URL: <https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=15789> (қарау күні: 30.04.2021).
16. Кулумбетова, Д.Б., Ялфимов, Е.С. Управление развитием физической культуры и спорта в республике Казахстан // Вестник казахско-русского международного университета. – 2014. – Мәтін: электронды // URL: <https://articlekz.com/article/20633> (қарау күні: 30.04.2021).
17. Рамазанов, Ш.М. Сравнительный анализ моделей управления развитием спорта на примере футбольной индустрии: мировой опыт и российские особенности // Управление. – 2018. - №1(19). – С. 12-19. – Мәтін: электронды // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-modeley-upravleniya-razvitiem-sporta-na-primere-futbolnoy-industrii-mirovoy-opyt-i-rossiyskie-osobennosti/viewer> (қарау күні: 30.04.2021).
18. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.
19. Цепелева, А.Д. Государственно-частное партнерство в сфере спорта: применение зарубежного опыта // Ученые записки университета имени П.Ф.Лесгафта. – 2013. - №4 (98). – Мәтін: электронды // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvenno-chastnoe-partnerstvo-v-sfere-sporta-primenenie-zarubezhnogo-opyta/viewer> (қарау күні: 30.04.2021).
20. Матвеев, Л.П. Общая теория спорта. М.: Советский спорт, 2009. – 318 с.

Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Әлиева Назерке Артыққызы

Ғылыми жетекші: Құсайынова Анара Жеңісқызы

Жоба идеясы	Атауы: «Қазақстан Республикасының спорт резервін қалыптастырудағы бұқаралық спорттың рөлі»
Күрделі жағдай (кейс)	Елімізде бұқаралық спорттың әлсіз дамуының негізгі факторлары спорттық инфрақұрылымның, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің жетіспеушілігі, ірі спорт ғимараттарының қолжетімсіздігі, ауылдық жерлердегі бұқаралық дене шынықтырумен және спортпен жұмыс жасайтын нұсқаушы – әдіскерлердің аздығы, сондай-ақ ауылдарда және аудан орталықтарында арнайы стандартты спорттық-сауықтыру кешендері жоқ, қажетті спорттық жабдықтардың тапшылығы өте жоғары деңгейде.
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	Қолданыстағы тәсілдердің классификациясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы Жолдауында дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін инфрақұрылымды дамытуды барынша қажетсінетін елді мекендерде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу тапсырылған. Артықшылықтары Елбасының алға қойған мақсаттарына жету үшін бірқатар негізгі міндеттерді орындау қажет - спортпен айналысу үшін барлық қажетті жағдайларды жасау және тұрғындарды салауатты өмір салтына ынталандыру. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары қабылданды, онда салауатты өмір салтын сақтау және өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілік қағидаты денсаулық сақтау саласындағы және халықтың күнделікті өміріндегі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болуы керек. Адамның жаман әдеттерімен күресудің тиімді құралдарының бірі елде бұқаралық дене шынықтыру-спорттық қозғалысты дамыту болып табылады. Кемшіліктері Бүгінгі таңда бұқаралық спорттың қазіргі ахуалына жүргізілген талдау нәтижесінде келесі кемшіліктер анықталды: 1. Спорт инфрақұрылымының жетіспеушілігі және ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымы нашар дамыған, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, жоғары сапалы спорттық құралдар мен жабдықтардың аздығы; 2. білікті мамандардың жетіспеушілігі, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың тапшылығы; 3. балалардың спортқа қызығушылығының төмендігі; 4. көпшілік арасында бұқаралық спорт бойынша насихаттың аздығы.

<p>Берлген мәселені шешудің ұсынылатын жолы</p>	<p>Баламалы тәсілді сипаттау, оны жүзеге асыру реті Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орнын толықтыру мақсатында магистрлік жоба аясында келесі баламалы ұсыныстар әзірленді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>спорт инфрақұрылымының санын көбейту және материалдық-техникалық базаны жақсарту үшін қаржыландыру көзін МЖӘ есебінен тарту;</i> • <i>білікті мамандардың, оның ішінде бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың санын көбейту үшін ынталандыру саясатын қолдану;</i> • <i>балалардың спортқа қызығушылығын ояту мақсатында мектеп бағдарламасына немесе секция ретінде үстел теннисін енгізу;</i> • <i>спорт бойынша PR көмегіне жүгіну</i> <p>Мүмкіндіктері</p> <ul style="list-style-type: none"> - дене шынықтыру және спортқа қызмет көрсету саласын дамытуға бизнестің қатысу үлесі артады; - қызметкердің атқарған жұмысына байланысты, сонымен қатар біліктілігін арттыру мақсатында қосымша оқу оқып келген жағдайда монетарлық (<i>еңбекақысын көтеру, лауазымын жоғарылату</i>) және монетарлық емес (<i>мақтау, мадақтама қағаздары</i>) ынталандыру саясатын қолданып, бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың санын көбейту; - үстел теннисін мектеп бағдарламасына енгізу арқылы балалардың спортқа қызығушылығын оятып, оқушылардың ойлау шапшаңдығын, дене қозғалысы шапшаңдығын арттырып, сондай-ақ олимпиадалық спорт түрінің дамуына жол ашылады; - бұқаралық ақпарат құралдарының көмегіне жүгіну арқылы бұқаралық спортты танымал ету құралын пайдаланып, халық арасында кеңінен насихаттау. <p>Қауіптер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік орган тарапынан дене шынықтыру және сауықтыру кешендерін салуға бизнес өкілдерін тартпау; - спорт қызметкерлеріне ынталандыру саясатының сәтті жүзеге аспауы; - Білім және ғылым министрлігі тарапынан үстел теннисін мектеп бағдарламасына енгізуді қолдамау; - телеарналарда спортты насихаттайтын спорттық конкурстар мен күнделікті жаттығуларды ұсынатын арнайы бағдарламалардың болмауы және көрсетілмеуі.
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>Баламалы тәсілдің тиімділігін өлшеу, оның жүзеге асырылуын бағалау әдістері</p> <p>Бұқаралық спортты дамыту бойынша баламалы тәсілдер жүзеге асатын болса, төмендегідей нәтижелерге жетуге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. спорт инфрақұрылымының саны көбейіп, бұқаралық спортпен шұғылданушылар қатары артады, бұл өз кезегінде спорт резервтерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады; 2. бейімделген дене шынықтыру бойынша кадрлардың саны артып, кадр тапшылығы мәселесі шешімін табады;

	<p>3. барлық жалпы білім беретін орта мектептерде кем дегенде 5 үстел теннисі орнатылып, мектеп бағдарламасына енгізілсе балалардың спортқа деген қызығушылығын оятып, бұқаралық спорттық дамуына өз септігін тигізеді;</p> <p>4. телеарналарда спортты насихаттайтын спорттық конкурстар мен күнделікті жаттығуларды көрсететін арнайы бағдарламалар көбейсе, спортқа қызығушылық көбейеді.</p>
<p>Әдебиеттер</p>	<p>Тізім</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ. 2. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K18002018_1 3. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығы. 4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. 5. Шишигина О.В. Проблемы развития массового спорта в Казахстане//Nomad кочевник. – Мәтін: электронды // 2014 URL: https://nomad.su/?a=14-201404020019 6. Доклад к совместному заседанию Совета при Президенте Российской Федерации по развитию физической культуры и спорта и президиума Государственного совета Российской Федерации: «О роли субъектов Российской Федерации и муниципальных образований в развитии физической культуры, спорта и туризма». С. 30. 7. Гречишников А.Л. Понятие «массовый спорт» как объект рассмотрения социологии управления // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. – Мәтін: электронды // URL: https://www.science-education.ru/ru/article/view?id=15789